





«БЕКІТЕМІН»
«Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» КөАҚ
басқарма төрағасы-ректор
А.М.Наметов
« 09 » _____ 2023 ж.

**БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОРДЫҢ БІРІНШІ
ОРЫНБАСАРЫ, СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ
ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ ПРОРЕКТОРДЫҢ**

ЛАУАЗЫМДЫҚ НУСҚАУЛЫҒЫ

СМЖ.07.ЛН.02

№ 06 басылым
№ ___ дана

Дайындалды: 06.11.2023 ж. Ө.Б. Таубаев 	Келісілді: 08.11.2023 ж. Алмагамбетова М.Ж.  Таскалиев Е.К.  Ихсанов Е.Б. 	Енгізілді: 10.11.2023 ж. СМЖ.05.ЛН.02 10.11.2020 ж. орнына Қайта қаралуы: 10.11.2026 ж.
---	---	---

Мазмұны:

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Бағыты

Бұл нұсқаулық ҚР «Еңбек кодексіне», «Білім туралы» Заңына және Жарғыға сәйкес дайындалды.

2. Қолдану саласы

Бұл нұсқаулық басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары, стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректорға арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. Басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары, стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор:

3.1.1. Қолданыстағы заңдар, нормативті құқықтық актілер, жарғы және ұжымдық келісім-шарттар негізінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметінің жекелеген бағыттары бойынша тікелей басшылықты жүзеге асыруға;

3.1.2. Университет имиджін қалыптастыру және дамытуға арналған шараларды ұйымдастыруға басшылық етуге;

3.1.3. Оқу бағдарламаларының жобалануы мен орындалуын, барлық оқу бағыттарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, оны жетілдіруге байланысты ұсыныстар беруге;

3.1.4. Университеттің құрылымдық бөлімдерінің, институттардың стратегиялық жоспарларының орындалуын қадағалауға;

3.1.5. Оқытушылардың оқу жүктемелерін бақылауға және реттеуге қатысуға;

3.1.6. Қабылдаған шешімдеріне, материалдық құндылықтардың сақталуына және тиімді жұмсалыуына бақылау жасап, жоғары оқу орнының әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметтерінің жекелеген бағыттарына басшылық етуге;

3.1.7. Өзіне тапсырылған барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және өзара тиімді әрекетін ұйымдастыруға;

3.1.8. Үздіксіз білім беру, біліктілікті арттыру қызметтерін ұйымдастыруға және жұмыстың тиімділігіне бақылау жасауға;

3.1.9. Жоғары білікті мамандар дайындау мақсатында оқу орны қызметінің, жоғары білім беру саласындағы соңғы жетістіктерді ескере отырып, университеттің материалдық-техникалық базасы деңгейінің сапасы мен тиімділігін қамтамасыз етуге;

3.1.10. Өзіне тапсырылған қызметтер шеңберінде университеттің бюджет, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың, жеткізушілердің, тапсырыс берушілердің, несие берушілердің алдындағы барлық міндеттемелерді орындауға;

3.1.11. Жаңа техникалар мен технологияларды қолдану саласындағы жаңа жетістіктер, білім беру саласындағы отандық және шетелдік жетістіктер, еңбекті ұйымдастыру және басқарудың белсенді түрлерін қолдану, шығындарды жұмсаудың негізгі нормалары, университеттің материалдық, техникалық ресурстарын тиімді пайдалану негізінде жоғары оқу орнын басқаруды ұйымдастыруға;

3.1.12. Университеттің өзіндік өнімдерін өткізу мақсатында өнімдердің бағасын қалыптастыруға қатысуға, оларды тиімді бағаға өткізу бойынша шаралар қабылдауға;

3.1.13. Кәсіби білімді қолдану мен дамыту, тәжірибе алмасу, жағымды және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге қолдау көрсетуге;

3.1.14. Басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерінің дұрыс үйлестірілуін, қызметкерлердің жұмыс тиімділігін арттырудағы материалдық және моральдық ынталандыру қағидаттарын қолдануға, әрбір жұмыскерге оған тапсырылған іс пен оның нәтижесіне деген материалдық қызығушылығы мен жауаптылығы қағидасын қолдануға, жалпы еңбек нәтижесін қамтамасыз етуге;

3.1.15. Мекеме ұжымымен (жұмыскерлердің өкілдерімен) бірге әлеуметтік әріптестік қағидалары негізінде ұжымдық шартты дайындауға және орындауға;

3.1.16. Еңбек және өндіріс тәртібін сақтауға, еңбекке ынталандыруға және қызметкерлердің белсенділігін дамытуға ықпал етуге;

3.1.17. Сенімхат немесе бұйрық болған жағдайда оған берілген құқықтар шегінде университеттің қаржылық, экономикалық, өндірістік-шаруашылық мәселелерін шешуге;

3.1.18. Университет қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуге, басқа лауазымдық тұлғаларға – құрылымдық бөлімдердің жетекшілеріне, сонымен бірге қызметтік және әкімшілік құрылымдық бөлімдеріне тапсырма беруге;

3.1.19. Құрылымды және штат кестесін өзгертуге байланысты ұсыныстар беруге;

3.1.20. Сеніп тапсырылған құрылымды білікті мамандармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің біліктілігін ұдайы арттыру жөнінде шаралар қабылдауға;

3.1.21. Өзіне тапсырылған құрылымдық бөлімдердің қызметінің заңдылығын бақылауға, оның шаруашылық-экономикалық байланыстарын жүзеге асыруға, қаржыны басқаруда құқықтық құралдарды пайдалануға, шарт және қаржы тәртібін, әлеуметтік еңбек қатынастарын нығайтуды қамтамасыз етуге;

3.1.22. Университеттің білім беру қызметін қолдау және аясын кеңейту мақсатында білім беру саласындағы инновациялық технологияларды ендіруге және қолдануды қамтамасыз етуге;

3.1.23. Жыл сайын тиісті құрылымдық бөлімдер қызметінің нәтижелері туралы есеп дайындатуға;

3.1.24. Еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру-ғылыми орталығы ретінде университет мәртебесінің қалыптасуына мүмкіншілік туғызуға, оның іс-қызмет стратегиясы мен саясатын жүзеге асыруға, оның әрбір бөлімшелерінің бөлек-бөлек және университеттің тұтастай тиімді және тұрақты дамуына ықпал етуге;

3.1.25. Университеттің стратегиялық даму бағдарламасын жүзеге асыру бойынша құрылымдық бөлімдердің күш-жігерлерін біріктіруге ықпал етуді және университетті басқаруға атқарушы басшылықтың барлық деңгейлерінің жұмысшыларын тартуды қамтамасыз етуге;

3.1.26. Ғылыми Кеңестің, басқарма отырысының шешімдерін орындау бойынша проректорлардың, институт директорларының және құрылымдық бөлімше жетекшілерінің қызметтерін және білім беру қызметінің сапасын үздіксіз арттыруға бағытталған жұмыстарды үйлестіруге және бақылауға;

3.1.27. Білім алушылардың оқу үлгерімдерін және ПОҚ, жоғары мектептер мен институттардың қызметтерін бақылауды жетілдіру үшін мүмкіндік туғызуға;

3.1.28. Аттестаттау комиссиясын басқаруға және кадрларды конкурстық іріктеуге жауап беруге;

3.1.29. Құрылымдық бөлімшелердің Жарғыны, университеттің ішкі тәртіп ережесін, еңбекті қорғау нормасы мен қауіпсіздік техникасын, еңбек тәртібін орындауын бақылауға;

3.1.30. Адам құқықтарының Декларациясы шеңберінде қызметкерлер мен білім алушылардың өзара сыйласымды қарым-қатынастарын және ұжымда жағымды моральды-психологиялық климат қалыптастыруды қамтамасыз етуге, еңбек және оқыту жағдайын жақсартуға ықпал етуге;

3.1.31. СМЖ құжаттарының уақытында дайындалуын қадағалауға және олардың қызмет етуіне мүмкіндік туғызуға;

3.1.32. Университет іс-қызметінде пайда болған сәйкессіздіктер туралы ректорға уақытында хабарлап отыруға;

3.1.33. Университеттің ағымда және болашақта дамуындағы мәселелік-қойылымдық сұрақтар бойынша ректораттың жоғары тұрған ұйымдармен хат алмасуын қамтамасыз етуге;

3.1.34. Ғылыми Кеңесте бекітуге шаралардың жылдық және перспективалық жоспарларын және университеттің іс-қызметі туралы есепті ұсынуға;

3.1.35. Қабылдау комиссиясының жұмысын қамтамасыз етуге және бақылауға, білім алушылар контингентінің қалыптасуына, сонымен қатар түлектерді еңбекке орналастыруға қатысуға;

3.1.36. Институттардың және құрылымдық бөлімдердің оқу-әдістемелік қызметтерін ұйымдастыру, жоспарларын байланыстыру және білім беру қызметінің сапасын үздіксіз көтеру бағытында олардың өзара бірлесіп әрекет етулерін қамтамасыз етуге;

3.1.37. Оқу қызметінің кадрлық қамтамасыздандырылуын, оларды жақсарту мақсатында ұсыныс енгізуге **міндетті**.

3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1. Басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары, стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор лауазымға басқарма төрағасы-ректордың ұсынуымен Жалғыз акционердің шешімімен тағайындалады;

3.2.2. Басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары, стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор тікелей басқарма төрағасы-ректорға бағынады.

3.3. Басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары, стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор:

3.3.1. ҚР Конституциясын;

3.3.2. ҚР Азаматтық кодексін;

3.3.3. ҚР «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарын;

3.3.4. ҚР-да білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын және жоғары оқу орнының білім беру, ғылыми, өндірістік-шаруашылық, қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау саласындағы әдістемелік материалдарды, жоғары оқу орны саласының техникалық және ғылыми дамуының болашағын, жоғары оқу орнының кадрлық ресурстарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (қосымша білім беру) саласындағы шетелдік білім беру мекемелерінің ғылыми жетістіктері мен алдыңғы қатарлы тәжірибелерін, еңбек заңнамаларын, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын **білуі қажет**.

3.4. Біліктілік талаптары:

3.4.1. Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесі 5 жыл білім беру ұйымдарында басшылық лауазымдағы еңбек өтілі **болуы тиіс**.

4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі

4.1. Басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары, стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор:

4.1.1. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын орындамағаны үшін;

4.1.2. Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғандығы және материалдық залал келтіргені үшін ҚР әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде көзделген нормалар шегінде;

4.1.3. Өзінің лауазымдық нұсқаулығында көзделген лауазымдық міндеттерін (тиісінше деңгейде) орындамаған жағдайда ҚР қолданыстағы заңнамаларда көзделген нормалар шегінде жеке **жауапты**.

4.2. Басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары, стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор:

4.2.1. Басқарма төрағасы-ректордың келісімімен университет атынан әрекет етуге, облыстық, республикалық және шет елдік ұйымдарда университеттің мүддесін ұсынуға;

4.2.2. Басқарма отырысы шешімдерінің жобасын әзірлеуге қатысуға **өкілетті**.

4.3. Басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары, стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор:

4.3.1. Берілген құқықтар шегінде университеттің қаржылық, экономикалық, өндірістік-шаруашылық құжаттарына, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, ауыстыру, босату туралы өтініштер мен бұйрықтарға және ұйымдастыру бойынша басқа да құжаттарға қол қоюға;

4.3.2. Университет атынан келісім шарттар жасасуға;

4.3.3. Кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға;

4.3.4. Басқарма отырысында, Ғылыми Кеңесте қарастыру үшін университеттің және оның жекелеген бөлімшелерінің, сонымен қатар сапа менеджменті жүйелері қызметін жақсарту жөнінде басқарушылық шешімдер енгізуге;

4.3.5. Жылына 56 күнтізбелік күн көлеміндегі ақылы еңбек демалысын алуға;

4.3.6. Кәсіби жағынан абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;

4.3.7. Интеллектуалдық меншігін (ғылыми және әдістемелік еңбектерін, патенттерін, бағдарламалық қамтамасыз ету және басқа) қорғауға;

4.3.8. Әкімшілік және педагогикалық қызметінің жетістігі үшін материалдық және моральдық марапаттауларға;

4.3.9. Сәйкесінше ресурстық қамтамасыз ету және жауапкершілік жағдайында өзінің құқығының бір бөлігін басқа проректорларға тапсыруға **құқылы**.

5. Құжаттама

6. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі, 23.11.2015 ж. № 414-V;

ҚР Азаматтық кодексі, 27.12.1994 ж. № 269-ХІІ;

ҚР «Білім туралы» Заңы, 27.07.2007 ж. № 319;

ҚР «Ғылым туралы» Заңы, 18.02.2011 ж. № 407-ІV;

ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы», 13.05.2003 ж. № 415-ІІ;

ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы, 11.07.1997 ж. № 151;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, 18.11.2015 ж. №410-V;

ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңы, 16.01.2001 ж. №142-ІІ;

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ Жарғысы;

ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар.